

## «БЕКІТІЛДІ»

Тараз қаласындағы «физика-математика  
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік  
мектебі» директоры

К.Абдрахманова

2023 ж.



### **«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы оқушыларының, олардың заңды өкілдерінің және қызметкерлерінің ұялы телефондарды пайдалану тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Бұл Ережелер мына мақсаттар бойынша жасалған:

- 1.1. Алынатын білім беру қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру, оқу үдерісі үшін психологиялық қолайлы жағдайларға кепілдік беру;
- 1.2. Мектеп кеңістігін зорлық-зомбылық, қатыгездік және порнография культін насихаттау әрекеттерінен қорғау;
- 1.3. Ұялы телефонның оқушылардың денсаулығына тигізетін зиянды әсерін азайту;
- 1.4. Жеке мүлікті сақтау және оқушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 1.5. Ұялы телефондар сақталуы иесінің жауапкершілігінде. Мектеп оқушыларға тиесілі телефондардың сақталуына жауапты емес, олар мектеп қызметкерлерінің қоймасына берілген жағдайларды қоспағанда, оқушылар мен мектеп қызметкерлерінен, сондай-ақ келушілерден ұрланған немесе жоғалған ұялы телефондарды тексермейді.

#### **2. Оқушылардың мектепте ұялы телефондарды пайдалану тәртібі**

- 2.1. Мектепке кірген кезде оқушылар ұялы телефонын дыбыссыз режимге қойып, қоңырауды толығымен өшіруі керек.
- 2.2. Сабақта ұялы телефондарды, смартфондарды, планшеттерді және басқа да техникалық құрылғыларды тек оқу мақсатында пайдалануға рұқсат етіледі. (Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына арналған ішкі тәртіп Ережелері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2022 жылғы 04 тамыздағы (№ 36 хаттама) шешімдерімен бекітілген өзгерістермен) Жоғарыда аталған құрылғыларды оқу процесіне қатысы жоқ жағдайларда пайдалануға рұқсат етілмейді, оқушылар барлық техникалық құрылғыларды өшіріп, ұялы телефонды дыбыссыз режимге қойып, үстелден алып тастауы керек.



Бұзушылық анықталған жағдайда оқытушы сабақтың үстінде техникалық

құрылғыны алып қоюға құқылы. Осы талаптарды қайталап бұзған жағдайда техникалық құрылғы білім алушының заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қайтарылады (Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына арналған ішкі тәртіп Ережелері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2022 жылғы 04 тамыздағы (№ 36 хаттама) шешімдерімен бекітілген өзгерістермен).

2.3. Оқушылар сабақ, сабақ арасындағы үзіліс кезінде қоңырау шалу үшін ата-аналарына, туыстарына, өздері айналысатын мектептен тыс мекеме басшыларына сабақ, сабақ арасындағы үзіліс уақытын хабарлауға міндетті.

2.4. Оқушыларға тыйым салынады (егер ол оқу процесіне қатысы болмаса):

1) дыбыс шығару (музыканы тыңдау, сөйлеу («плеер» режимі), оның ішінде құлаққаптар арқылы);

2) фото және бейне көру (ойын ойнау, әлеуметтік желілерді шолу және т.б.);

3) дыбысжазбалар («диктофон» режимі);

4) телефон арқылы басқаларға зорлық-зомбылық, қатыгездік және порнография культін насихаттайтын бейнелер мен фотосуреттерді көрсету, мектеп қабырғасында зорлық-зомбылық, бұзақылық сахналық көріністерін түсіру, оның ішінде басқаларға одан әрі көрсету мақсатында пайдалану;

5) мектептің имиджіне нұқсан келтіретін фотосуреттерді, бейнелерді, ақпаратты, хабарламаларды және хат-хабарларды әлеуметтік желілерде, whatsapp чаттарында және басқа қолданбаларда орналастыруға;

6) Телефон арқылы қорқыту және қудалау, мазақ ететін карикатураларды, қорлайтын фотосуреттерді немесе бейнелерді орналастыру және жіберу, қорлайтын лақап аттар ойлап табу, қорлайтын қауесеттерді тарату және кибербуллингтің басқа да түрлері;

7) басқа оқушыларға телефонның мүмкіндіктерін көрсетуге.

### **3. Филиал қызметкерлерінің (педагогикалық персонал және оларға теңестірілген тұлғалар, көмекші және техникалық персонал) мектепте ұялы телефондарды пайдалану тәртібі**

3.1 Барлық қызметкерлер Филиал ғимаратында ұялы телефондарды «Үнсіз» немесе «Дірілдеу» режиміне қою қажет;

3.2. Педагогикалық персоналға Филиалда сабақ, жиынтық бағалау және кезекшілік кезінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салынады;

3.3. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың қасында ұялы телефондарды пайдалануды мүмкіндігінше шектеу керек;

3.4. Қызметкерлер 2015 жылғы 13 сәуірдегі №14 хаттамасымен бекітілген ««Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының әдеп Кодексіне» сәйкес телефонды пайдалану мәдениетінің этикалық ережелерін сақтауы қажет (4-тарау, 4.4-бөлім, 73, 74-тармақтар).

#### **4. Оқушылардың заңды өкілдердің мектепте ұялы телефондарды пайдалану тәртібі**

4.1. Оқушылардың заңды өкілдеріне оқу үрдісінде қоңырау шалуға, хабарлама жазуға тыйым салынады. Қажет болған жағдайда педагог-ұйымдастырушы-кураторға қоңырау шалуға болады.

4.2. Оқушылардың заңды өкілдерге баларымен оқу үдерісінде телефонды пайдаланудың барлық ережелерін талқылауға қажет.

#### **5. Қорытынды**

5.1. Осы Ереже жыл сайын әрбір оқушының, олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ әрбір қызметкердің назарына жеткізіледі.